

Бекітемін  
ЖЖМ деканы



20 21 ж.

Құрастырушы: х.ғ.к., доцент Туркбенов Т.К.

ББ 6В01540 Химия, 6В01541 Химия - Биология

Әдістемелік нұсқау

Оқу (танысу) практикасынан өту бойынша  
6В01540 Химия, 6В01541 Химия – Биология ББ оқушыларына арналған

ББ комитетінің отырысында ұсынылды  
20 21 ж. 28 тамыз № 1 хаттама

ББ жетекшісі Р. Мұқанова

ЖЖМ Кеңесінде мақұлданды  
20 21 ж. 28 тамыз № 1 хаттама

ЖЖМ Кеңесінің төрағасы Е. Сағ

# 1 ТҮСІНІК ХАТ

Білім берудің барлық аспектілерін жүзеге асыру педагог тұлғасымен, оның үздіксіз жетілуімен және кәсіби деңгейінің артуымен байланысты.

I курс студенттері үшін педагогикалық практика ЖОО студенттерін кәсіби даярлау жүйесінде алғашқы баспалдақ болып табылады. Практиканың осы түрінің негізгі мақсаты - студенттерге болашақ педагогикалық қызметтің негіздерін ұғыну үшін практикалық жағдайларды қамтамасыз ету.

Практиканың теориялық негізділігі және ғылыми ұйымдастырылуы, оқыту мен тәрбиелеу сипаты, жүйелілігі және бірізділігі, оның мазмұнына кешенді түрде педагогикалық практиканың тиімділігінің негізгі шарттары болып табылады.

Оқу (танысу) практикасы болашақ кәсіптің мәні мен мазмұнын түсінуге бағытталуы тиіс

## 2. ПРАКТИКА МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

**2.1 Оқу (танысу) практикасының мақсаты** химия пәнінен студенттердің жалпы мәдени және кәсіби құзыреттілігін жетілдіру болып табылады.

**2.2 Оқу (танысу) практикасынан өту қорытындысы бойынша оқу нәтижелері:**

- мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттардың, оқу пәнінің типтік бағдарламаларының құрылымы мен мазмұнын білу және түсіну;
- нормативтік - құқықтық базаны, оның ішінде кәсіптік қызметте орта білім берудің жаңартылған мазмұнын қолдану;
- студенттердің пәнаралық білімін (педагогика, психология, әдістеме және т. б.) кәсіби тәрбие қызметінде қолдану;
- сынып жетекшісінің тәрбие жұмысын жобалау, ұйымдастыру, талдау туралы түсініктерін дамыту;
- білім беру ұйымының мультимәдени ортасында тәрбие жұмысын ұйымдастыру;
- есеп беру құжаттамасында тәрбие қызметін жобалау және талдау нәтижелерін көрсету, нақты сабаққа дидактикалық материалдарды іріктеуді жүзеге асыру.

### 3 ОҚУ (ТАНЫСУ) ПРАКТИКАСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

#### 3.1 Білім алушыларының оқу (танысу) практикасының мерзімі

1 курс білім алушыларының оқу (танысу) практикасы пассивті түрде теориялық оқытудан босатылып жүргізіледі. Білім алушылар практиканың бұл түрін екінші семестрде өтуі жоспарланған.

Пререквизиттер: "Педагогикалық мамандыққа кіріспе" пәні.

**Практикадан өту орны:** Әр түрлі үлгідегі білім беру мекемелері (ЖОМ және т.б.).

#### 3.2 Практиканың өткізілу кезеңдері

№	Кезеңі	Мазмұны	Мерзімі
			2 апта (10 күн)
1	Даярлық	1) Ұйымдастыру конференциясы. Студенттерді педагогикалық практикаға жіберу туралы ректордың бұйрығымен таныстыру. Студент-практикант жұмысының мазмұны мен міндеті. Әдістемелік құралдар көрмесі. 2) Студенттердің практика кезіне жеке жұмыс жоспарын құруы.	Практика басталудан 3-7 күн бұрын
2	Негізгі	1) Білім беру мекемесінің әкімшілігімен және педагогикалық ұжымымен танысу, материалдық-техникалық базасымен және жалпы білім беру мекемесінің құжаттарымен танысу.	1 – 2 күн
		2) Білім беру мекемелерінің оқу - тәрбие жүйесін кешенді бақылау, құжаттармен және сынып жетекшісінің (тәрбиеші), пән мұғалімінің қызметімен танысу. Мекеменің тәрбие жұмысының мазмұнымен және пән мұғалімінің сыныптан тыс жұмыстарымен танысу.	3-6 күн
		3) Оқу (танысу) практика – сынып жетекшісінің көмекшісі, үйірме жетекшісінің көмекшісі, пән мұғалімінің көмекшісі қызметтерін орындау.	7-9 күн
3	Қорытынды	1) Есеп құжаттарын даярлау – есеп құжаттарын реттеу (әдістемелік нұсқаулыққа сәйкес). 2) Есеп құжаттарын тексеруге тапсыру.	10 күн
		3) Комиссия мүшелерінің алдында педагогикалық практика есебін қорғау.	
		4) Тәжірибе нәтижелері бойынша қорытынды конференция.	

## 4 ОҚУ (ТАНЫСУ) ПРАКТИКАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ

### 4.1 Оқу (танысу) практикасы кезеңінде

#### 1 курс студенттері келесі жұмыс түрлерін орындайды:

№	Негізгі қызмет түрлері	Мазмұны	Мерзімі
			2 апта (10 күн)
1	Педагогикалық практика бойынша ұйымдастыру конференциясы	Студенттерді педагогикалық практикаға жіберу туралы ректордың бұйрығымен таныстыру. Студент – практикант жұмысының мазмұны мен міндеті. Әдістемелік құралдар көрмесі. Студенттердің практика кезеңіне жеке жұмыс жоспарын құруы.	Практикадан 3-7 күн бұрын
2	Білім беру мекемесінің оқу-тәрбие жүйесін кешенді түрде қарастыру	Білім беру мекемесінің әкімшілігімен және педагогикалық ұжымымен танысу, материалдық-техникалық базасымен және жалпы білім беру мекемесінің құжаттарымен танысу. Білім беру мекемесі қызметінің мазмұнымен және ұйымдастыру жұмыстарымен танысу.	1-2 күн
3	Білім беру мекемесінің құжаттарымен танысу	Білім беру мекемесінің жалпы нормативтік құжаттарын толтыру жұмыстарымен, қолдану ережелерімен, мазмұнымен танысу.	3 күн
4	Сынып жетекшінің (тәрбиешінің) тәрбиелік және ұйымдастыру жұмыстарының ерекшеліктерімен таныстыру	Сынып жетекшінің (тәрбиешінің) оқу-тәрбие жұмыстарын бақылау және сабаққа қатысуы. Сынып жетекшінің құжаттарды жүргізу және толтыру жұмыстарымен танысу. Сынып жетекшісінің көмекшісі орындайтын жұмыстармен танысу. Тәрбиелік іс-шара жүргізу (жүргізуге көмектесу). Ата-аналар жиналысына қатысу.	4-5 күн
5	e-learning электрондық оқыту жүйесімен танысу	e-learning электрондық оқыту жүйесін пайдаланумен танысу. E-learning жүйесімен жұмыс істеудің негізгі дағдыларын игеру.	6 күн
6	Мекеменің тәрбие жұмысының мазмұнымен және мұғалімдердің сыныптан тыс жұмыстарымен танысу	Білім беру мекемесіндегі үйірме жұмысының ұйымдастырылуы және құрылымымен танысу. Үйірме (секциялар, студиялар, көркемөнер ұжымы және т.б.) жетекшісінің құжаттарымен, олардың толтырылуымен, жүргізілуімен, танысу. Үйірме сабақтарына қатысу және үйірме жетекшісінің жұмысын бақылау. Үйірме жетекшісі көмекшісінің жұмыстарын орындау.	7-8 күн
7	Пән мұғалімі (тәрбиеші) жұмысының ерекшеліктерімен танысу	Білім беру мекемесіндегі кітапхана қорымен танысу (бағыттар бойынша). Пән мұғалімінің (тәрбиеші) оқу жұмысын бақылау. Пән мұғалімі көмекшісінің жұмысын орындау. Пән бойынша сыныптан тыс шара өткізу (өткізуге көмектесу).	9 апта

8	Есеп құжаттарын дайындау және тапсыру	Есеп құжаттарын реттеу (әдістемелік нұсқаулыққа сәйкес). Есеп құжаттарын тексеруге беру.	10 апта
9	Практика есебін қорғау	Практика есебін комиссия алдында қорғау.	Практика аяқталғаннан кейінгі апта
10	Практика бойынша қорытынды конференция	Шығарушы кафедра оқытушылары және студенттер алдында студенттердің есеп беруі. Практика жетекшілерінің сөйлеуі.	

#### 4.2 Оқу (танысу) практикасы кезеңіндегі 1 курс студенттері тапсырмасының мазмұны

2 апта	Жұмыс түрі	Тапсырма мазмұны	Ұйымдастыру формасы мен әдістері
1-күн	Ұйымдастыру жиналысы	1) Білім беру мекемесінің әкімшілігімен және педагогикалық ұжымымен таныстыру 2) Практиканттарды белгілі сыныпқа, (топқа), сынып жетекшісіне (тәрбиешіге), пән мұғаліміне бекіту	1) Күнделік беттерін толтыру
1-күн	Білім беру мекемесінің материалдық-техникалық базасымен, құрылымымен танысу	1) Білім беру мекемесінің материалдық-техникалық базасымен: оқу кабинеттерімен, арнайы кабинеттермен, концерт залымен, техникалық жабдықтарымен және оның мүмкіндіктерімен танысу; 2) Білім беру мекемесінің санитарлық - гигиеналық шарттарымен танысу; 3) Білім беру мекемесінің материалдық-техникалық жабдығталуына сипаттама жасау	1) Білім беру мекемесі бойынша экскурсия; 2) Білім беру мекемесі директорымен (директор орынбасарымен), әдіскерлерімен, мұғалімдеріме, медицина жұмыскерлерімен әңгімелесу; 3) Мекеменің ресми сайтың қарау; 4) Жазбаша түрде сипаттама.
2-күн	Білім беру мекемесі жұмысының мазмұнымен және ұйымдастыруы-мен таныстыру	1) Білім беруді реформалау жағдайында білім беру мекемесі жұмысының негізгі бағыттарымен танысу; 2) Білім беру мекемесін басқару жағдайымен танысу;	1) Әкімшілікпен, пән мұғалімдермен, сынып жетекшілерімен (тәрбиешілермен) әңгімелесу;

		3) Білім беру мекемесі жұмысының негізгі бағыттары туралы қысқаша есеп жазу	2) Бақылау, талдау. 3) Жазбаша есеп.
3-күн	Сынып жетекшісінің (тәрбиешінің) тәрбие және ұйымдастыру жұмыстарының ерекшеліктерімен танысу	1) Сынып жетекшісінің функционалдық (қызметтік) міндеттерімен танысу;	1) Бақылау 2)Сынып жетекшісімен әңгімелесу; 3)Сынып жетекшісінің функционалдық (қызметтік) міндеттерін жазбаша сипаттау
3-күн	Сынып жетекшісінің (тәрбиешінің) тәрбие және ұйымдастыру жұмыстарының ерекшеліктерімен танысу	1) Сынып жетекшісінің (тәрбиешінің) құжаттарды жүргізу және толтыру ережелерімен танысу: сынып журналы, сынып ұжымымен тәрбие жұмыстарының жоспары, оқушылардың жеке істері, оқушыларды тұлға ретінде зерттеудің психологиялық-педагогикалық картасы, өзін-өзі басқарудың жұмыс жоспары, өзін-өзі басқару мүшелерінің тізімі, жағдайы төмен отбасындағы балалар тізімі, қиын балалармен жұмыс істеу іс-шараларының жоспары, ата-аналар комитетінің тізімі, ата-аналар комитетінің жұмыс жоспары, ата-аналар жиналысының хаттамалары, оқушылар күнделіктері, тәрбие шараларының папкасы, сыныптық, педагогикалық және әлеуметтік-психологиялық бақылау нәтижелері, т.б. 2) бақыланған әрбір нормативтік құжаттың тізімі және қысқаша сипаттамасы	1) Құжаттарды тану; 2) Құжаттың тізімі және қысқаша сипаттамасы
4-күн	Сынып жетекшісінің (тәрбиешінің) тәрбие және ұйымдастыру жұмыстарының ерекшеліктерімен танысу  Білім беру мекемесінің құжаттарымен танысу	1)Сынып сағатына қатысу (тәрбие шарасы), сынып жетекшінің әрекетін бақылау 2)Дидактикалық материалдар дайындауда, сыныпты безендіруде сынып жетекшісіне (тәрбиешіге) көмектесу	Бақылау қағазын толтыру  1)құжаттармен танысу; 2) құжаттардың тізімі және қысқаша жазбаша сипаттамасы. 3)Сабақты талқылау және мұғалім ісін бақылау

4-5 күн	Сынып жетекшісінің (тәрбиешінің) тәрбие және ұйымдастыру жұмыстарының ерекшеліктерімен танысу	Тәрбиелік шара дайындауға көмектесу	1) Тәрбиелік шараның сценарийі; 2) Презентация, көрнекіліктер (егер болса)
3-6 күн	Білім беру мекемесіндегі электрондық құралдарды пайдалануды меңгеру	Мұғалімнің автоматтандырылған жұмыс орнын бақылау (электронды журналдар, күнделіктер, жоспарлау, ата-аналарды СМС хат арқылы хабарландыру) 2. Мамандықтар бойынша сандық білім беру ресурстарымен танысу (электронды оқулықтар, ойындар, виртуалды тренажерлар)	1. Оқытудың электронды жүйесімен практикалық жұмыс 2. интернет-ресурстарға талдау; мамандық бойынша СББР тізімдерін құру
7-күн	Мекеменің тәрбиелік жұмыстарының мазмұнымен және мұғалімнің сыныптан тыс жұмыстарының мазмұнымен танысу	1. Үйірме жетекшісінің (секция, студия, көркем ұжым т.б.) құжаттарды жүргізу, толтыру ережелерімен танысу 2. Үйірме сабақтарына қатысу және үйірме жетекшісінің жұмыстарын бақылау. 3. Үйірме жетекшісінің көмешісі жұмыстарын орындау	1. Бақылау 2. Тізім және үйірменің жазбаша түрде қысқаша сипаттамасы 3. Бақылау бланктерін толтыру
8-күн	Пән мұғалімінің (тәрбиешінің) оқу жұмыстарының ерекшеліктерімен танысу	1. Пән мұғалімінің (тәрбиешінің) құжаттарды жүргізу және толтыру ережелерімен, сынып журналымен, күнтізбелік-тақырыптық жоспармен, өзін-өзі жетілдіру жоспарымен, сыныптан тыс жұмыстардың және тәрбие жұмыстарының жоспарымен танысу. 2. Әрбір танысқан нормативтік құжаттың қысқаша сипаттамасы	1. Бақылау 2. Пән мұғалімімен (тәрбиешімен) әңгімелесу 3. Пән мұғалімінің (тәрбиешінің) қызметтік міндеттерін жазбаша сипаттау 4. Құжаттардың тізімі және қысқаша сипаттамасы
8-күн	Пән мұғалімінің (тәрбиешінің) оқу жұмыстарының ерекшеліктерімен танысу	1. Пән мұғалімінің (тәрбиешінің) сабақтарына қатысу 2. Пән мұғалімі мен оқушылардың оқу жұмыстарын бақылау 3. Сабақтың хаттамасын жасау	1. Пән мұғалімінің оқу жұмыстарын бақылау 2. Сабақтарды талқылау

			3. Сабақтың хаттамасы жасалған бланктарды толтыру (кемі 1 сабақ)
3-9 күн	Сынып жетекшісінің (тәрбиешінің) тәрбие және ұйымдастыру жұмыстарының ерекшеліктерімен практикалық танысу	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Сынып жетекшісінің (тәрбиешінің) көмекшісі жұмыстарын орындау</li> <li>2. Мерекелік іс-шараларды ұйымдастыру (ұйымдастыруға көмектесу).</li> <li>3. Сынып жетекшісіне (тәрбиешіге) сынып бұрышын, дидактикалық материалдарды, құжаттарды толтыруға көмек көрсету (сынып жетекші / тәрбиешінің айтуына байланысты)</li> <li>4. Сынып жетекшісінің жұмысына талдау жасау</li> </ol>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Мерекелік сценарий</li> <li>2. Презентация, көрнекіліктер (егер болса)</li> <li>3. Сыныптан тыс жұмыстың жазбаша талдауы.</li> </ol>
10-күн	Есеп құжаттарын даярлау және тапсыру	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Құжаттарды әдістемелік құжаттарға сәйкес реттеу</li> <li>2. Құжаттарды тексеруге тапсыру</li> </ol>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Сұхбат</li> <li>2. Құжаттарды тексеру</li> </ol>



## 5 СТУДЕНТТИҢ ЕСЕП ҚҰЖАТТАРЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР ОҚУ (ТАНЫСУ) ПРАКТИКА БОЙЫНША

### 5.1 Практика соңында студенттер келесі құжаттарды ұсынуы тиіс: Портфолиоға болуы тиіс:

1. Педагогикалық практика күнделігі (Қосымша А)  
<https://ppu.edu.kz/ru/professionalnaya-praktika/>.
2. Білім беру мекемесінің оқу-тәрбие жұмысы жүйесінің кешенді сипаттамасы:
  - білім беру мекемесінің материалдық - техникалық жабдықталуы мен санитарлық-гигиеналық жағдайларының сипаттамасы;
  - білім беру мекемесінің құрылымдық бөлімшелерінің сипаттамасы;
  - білім беру мекемесі қызметінің негізгі бағыттарының сипаттамасы.
3. Білім беру мекемесінің жұмыс құжаттарының тізбесі және қысқаша сипаттамасы:
  - білім беру мекемесінде қабылданған жалпы пайдалану құжаттары;
  - сынып жетекшісінің (тәрбиешінің) құжаттамасы);
  - пән педагогінің құжаттамасы;
  - үйірме жетекшісінің құжаттары.
4. Тәрбие іс - шараларының педагогикалық талдауы (Қосымша Б)
5. Эссе «Педагог мамандығы» ( Қосымша В)
6. Сынып жетекшісінің функционалдық міндеттері (Қосымша Г)
7. Пән педагогтың функционалдық міндеттері (Қосымша Д)
8. Фото және бейнематериалдар (міндетті), көрнекіліктер мен презентациялар (олардың болуы). (Қолдау хат бойынша барған студенттерге міндетті түрде) (Қосымша Е).

### 5.2 Есеп құжаттарын ресімдеу талаптары

Барлық құжаттар мұқаба парағы түссіз, титул парағы бар пластикалық скоросшивательде (тезтікпе) тапсырылады. Титул парағын басып шығарып, мұқият түрде көк сиялы қаламмен толтыру керек.

Барлық аты-жөнді толық жазып, күні мен қол қойылуы тиіс.

Барлық құжаттар қатаң түрде үлгіге сәйкес толтырылады. Компьютерде теріліп (14 pt, Times New Roman, жоларалық интервал, ені теңестірілген, азат жол - 1,25 см, өрісі: сол жағы - 3 см, оң - 1 см, жоғарғы және төменгі -2 см), А-4 қағазына шығарылып жеке файлдарға салынады және электрондық нысанда (компакт-дискіде, флэш картада) тапсырылады. Студент-практиканттар өткізген шаралар бейнежазбаларға тіркеледі және электронды нұсқада тапсырылады.

Құжаттарды ресімдеу барысында көрсетілген талаптар сақталмаған жағдайда қайта қарау және түзету үшін қайтарылуы мүмкін.

## ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

### Негізгі әдебиеттер

1. Педагогическая практика: Учеб. пос. для студентов педагогических институтов / Под ред. Розова В.К. – М., 2008.
2. Мектептегі педагогикалық практика [Мәтін]: студент-практиканттарға арналған әдістемелік құрал / Қ.Қ. Кунапина; Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті. - Алматы: Қазақ университеті, 2011. - 69 б.
3. Педагогическая практика: содержание и организация деятельности классного руководителя: метод. рекомендации для студентов педвуза. – Бийск: БПГУ, 2010. – 53 с.
4. Сысоева М.Е. Педагогическая практика. Справочник : Учебно-метод. пособие / М. Е. Сысоева. - М.: Нар. образование, 2002. - 128 с.
5. Өнербаева З.О. Химия мектепте: оқу әдістемелік құралы.-Алматы, 2011
6. И. Нұғыманұлы, Ж.Ә. Шоқыбаев, З.О. Өнербаева. Химияны оқыту әдістемесі. Оқу құралы. Алматы, 2005

### Қосымша әдебиеттер

7. Горбатов Д.С. Практикум по психологическому исследованию. – Самара: Бахрах, 2009. – 248 с.
8. Гуревич К.М. Индивидуально-психологические особенности школьников. – М., 2008.
9. Крым И.А., Крещан З.В., Шульгина Н.В. Педагогическая практика: Учеб. Пособие. – Кемерово: Кузбассвузиздат, 2007. – 121 с.
10. Методика воспитательной работы: Учеб. пособие для студ. высш. пед. учеб. заведений /Л.А. Байкова, Л.К. Гребенкина, О.В. Еремкина и др.; Под ред. В.А. Слостенина. – М.: Академия, 2014. – 144 с.
11. Методика воспитательной работы /В.П.Сергеева, Э.К.Никитина, М.Н.Недвецкая и др. – М.: Академия, 2013. – 368 с.
12. Никитина Н.Н., Кислинская Н.В. Введение в педагогическую деятельность. Теория и практика. – М.: Академия, 2008. – 224 с.
13. Резниченко М.Г. Введение в педагогическую деятельность. – Самара: СГПУ, 2003. – 132 с.
14. Сумина Т.Г. Методика воспитательной работы: учебник для студ.вузов по напр.проф.обуч. – М.: Академия, 2014. – 192 с.
15. Шаповаленко И.В. Психология развития и возрастная психология: учебник для бакалавров. – М., 2012. – 567 с.

16. Сумина Т.Г. Методика воспитательной работы: учебник для студ.вузов по напр.проф.обуч. – М.: Академия, 2014. – 192 с.

17. Шаповаленко И.В. Психология развития и возрастная психология: учебник для бакалавров. – М., 2012. – 567 с.

## Тәрбие іс - шараларының педагогикалық талдауы

Әрбір тәрбиелік іс - шараның тиімділігін арттырудың маңызды құралдарының бірі педагогикалық талдау болып табылады. Әр түрлі кемшіліктердің себептерін анықтауға көмектесіп, ол тәрбие жұмысын одан әрі жетілдіру және тәрбие процесін басқару үшін негіз болады.

Жан – жақты талдау жүргізу және жұмыс жоспарын дайындау - тәрбиенің кез келген басшысы мен ұйымдастырушысы қызметінің міндетті кезеңдері. Мектепте бұл ең алдымен директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері, ұйымдастырушы - педагог, ұзартылған күн топтарының тәрбиешілері, қосымша білім беру педагогтары. Өз қызметінің нәтижелерін талдай білу, зерделеу, оның болашақ нәтижелерін болжау, оларға қол жеткізу үшін нақты қадамдарды жоспарлау – жоғары кәсіпқойлық көрсеткіштері. Сауатты жасалған талдау мен жоспар педагогтің тәрбие жұмысы мен оқушылардың тәрбие деңгейі арасындағы байланысты көруге мүмкіндік береді.

Осы Әдістемелік ұсынымдардың мақсаты - директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарына, сынып жетекшілеріне, ұйымдастырушы-педагогтарға, ұзартылған күн топтарының тәрбиешілеріне, қосымша білім беру педагогтарына тәрбие іс - шараларын талдау бойынша қажетті мәліметтерді беру, оны жүзеге асыру әдістемесін ашу.

Тәрбие іс - шараларын талдауға дайындық

1. Әрбір тәрбиелік іс-шара тұлғаны тәрбиелеу мен дамытудың жалпы мақсатына жетуге бағытталған оқушылардың сынып (мектеп) ұжымының ортақ іс тізбегінің бірі болып табылады.

2. Тәрбиелік іс - шара өз мақсатына ие, оған қол жеткізу оқушының тұлғасын қалыптастыру бойынша нақты міндеттерді шешуге және тәрбиеге кешенді көзқарасты жүзеге асыруға - үйрету, тәрбиелеу, қалыптастыру, дамыту.

3. Тәрбиелік іс - шара күрделі жүйе болып табылады және өзара байланысты кезеңдерден тұрады:

Алдыңғы педагогикалық жағдайды талдау:

I-кезеңі және мақсаттарды тұжырымдау;

II-кезең жоспарлау;

Ұйымның III-кезеңі;

Іс-шараны өткізудің IV кезеңі;

V-қорытынды шығару кезеңі.

4. Тәрбиелік іс-шараның басты мақсаттарынан туындайтын міндеттерімен қатар, аталған кезеңдердің әрқайсысы белгілі бір ерекшелікке ие бола отырып, оқушылардың аналитикалық, ұйымдастырушылық, коммуникативтік, конструктивтік және т.б. қасиеттерін қалыптастыру бойынша өз міндеттерін шешеді.

5. Іс-шараның әрбір кезеңінде жалпы мақсат пен міндеттерге қол жеткізуге, сондай-ақ кезең міндеттерін шешуге бағытталған педагогикалық ықпал етудің және оқушылармен өзара іс - қимылдың әр түрлі әдістері мен тәсілдері

қолданылады. Олардың барлығы өз ерекшелігіне ие және педагогтың белгілі бір білімі мен іскерлігін талап етеді.

I. Алдыңғы педагогикалық ахуалдың кезеңін талдау және мақсаттарды тұжырымдау

Алдыңғы педагогикалық жағдай немесе жағдай ұжым өмірінің белгілі бір кезеңдерінен, олардың оқушыларға тәрбиелік ықпалымен өткізілетін іс-шаралардан құралады. Ол ұжымның дамуының белгілі бір деңгейімен, оқушылардың қызығушылығы мен қажеттілігімен, олардың сынып, мектеп өміріне қатынасымен сипатталады. Сыныпта, мектепте қалыптасқан тәрбие жағдайын талдаусыз, оның ерекшеліктерін ескермей, ұжымдық өмірдің болашағын, жақын арадағы істердің мақсаттары мен міндеттерін сауатты анықтау мүмкін емес.

Тәрбиелік іс - шараның бірінші кезеңін келесі алгоритм бойынша талдауға болады.

#### Талдау алгоритмі

1.Тәрбиелік іс-шараның күтілетін нәтижелерін анықтау: мақсаттың әлеуметтік және педагогикалық маңыздылығы, оның ашықтығы мен нақтылығы; осы жағдайда, нақты уақыт аралығында нақтылық пен қол жетімділік; эмоциялық және тәрбиелік әсері; аталған іс-шараның оқыту мәні.

2.Тәрбие іс - шарасының мақсаты мен міндеттері қандай негізде тұжырымдалған төменде келтірілген кестенің көмегімен анықтау. Тәрбие іс-шараларын жоспарлау тиімділігінің мынадай критерийлерін пайдалануды ұсынамыз: сыни, жол берілетін және оңтайлы (1-кесте).

#### 1-кесте

#### Тәрбие іс-шараларын жоспарлау тиімділігінің критерийлері

Тиімділік деңгейлері	Сипаттама
1.Сыни	Іс - шара қызыл күнтізбе күніне байланысты, "жоғарыдан" нұсқауы бойынша және жағдайды талдаусыз өткізіледі
2. Рұқсат етілген	Іс - шара сыныптың (мектептің) жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі.
3.Оңтайлы	Мақсаты барысында – ұжымның жағдайын, оқушылардың қызығушылықтары мен қажеттіліктерін талдау.

	Осы іс-шараның қажеттілігі туралы қорытынды жасалған байқаулар, сауалнама, әңгімелесулер, шығарма өткізіледі.
--	---

3. Тәрбие іс-шарасының бірінші кезеңін жүзеге асыру кезінде педагог қандай міндеттер қояды және оларды қалай шешеді.

4. Осы іс-шара оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келе ме; ол өткізілетін оқушылар ұжымының даму деңгейіне; осы ұжымда қойылған міндеттерді қаншалықты нақты шешу; іс-шарамен қарастырылған тәрбиелік әсерлерді қабылдауға оқушылар дайын ма, олардың мақсаты туралы біле ме, оны өткізуге қызығушылық таныта ма?

5. Бірінші кезеңді талдау үшін сынып жетекшісімен, ұйымдастырушы педагогпен, ұзартылған күн тобының тәрбиешісімен, қосымша білім беру педагогымен және оқушылармен бақылау, сауалнама жүргізу, әңгімелесу жүргізу.

Оқушылардың қызығушылықтары мен пікірлерін зерттеу үшін сауалнама

1. Осы іс-шара қандай мақсатпен өткізіледі?
2. Іс-шара кімнің бастамасы бойынша өткізіледі?
3. Бұл іс-шара несімен қызықты және пайдалы?
4. Осы іс-шараны дайындауға және өткізуге сенің қатысуың қандай?
5. Бұл іс-шара сізге ұнады ма?
6. Өткізілген іс-шараның кемшіліктерін атаңыз.

## **II. Тәрбие іс-шараларын жоспарлау кезеңін талдау**

Тәрбие іс-шараларын жоспарлауға оның сапасы мен жалпы жұмыс тиімділігі айтарлықтай дәрежеде байланысты. Сонымен қатар, жоспарлауды жүзеге асыру, оны дұрыс ұйымдастыру кезінде оқушылардың ұжымшылдық сезімі мен тапсырылған іс үшін жауапкершілік дамиды. Оқушылар өз уақытын, күштерін, құралдарын дұрыс бөлуге, ең бастысы ойлау логикасын дамытуға үйренеді.

Талдау алгоритмі

1. Осы кезеңде сынып жетекшісі, ұйымдастырушы-педагог, ұзартылған күн тобының тәрбиешісі, қосымша білім беру педагогы тәрбиелеу, оқыту және дамыту бойынша қандай міндеттерді қойғанын анықтау.

2. Іс-шараны дайындау және өткізу жоспарымен танысу. Бар жоспарды іске асыру педагог қойған міндеттерді шеше алатынын анықтау. Кезең міндеттерін шешу үшін педагогикалық ықпал етудің қандай әдістері мен тәсілдері қарастырылғанын талдау. Тәрбие іс-шараларының әдістері мен тәсілдерін таңдау қаншалықты орынды. Ол осы ұжымның, жекелеген оқушылардың ерекшеліктеріне, тәрбиеге кешенді көзқарасты іске асыруға сәйкес келе ме?

3. Сынып жетекшілерімен, педагог-ұйымдастырушылармен, ұзартылған күн топтарының тәрбиешілерімен, қосымша білім беру педагогтарымен және оқушылармен әңгіме жүргізу арқылы іс-шараны жоспарлау және өткізу кезінде кезеңнің қандай да бір міндеттері шешілгенін анықтау. Оқушылар жоспарлауға қандай қатысты, олар неге үйренген, жаңа не өзі үшін ашылды?

Іс-шараны жоспарлау оқушылардың белсенділігін, олардың дербестігін және өзін-өзі тануын көрсетуге ықпал етті ме? Сыныпта, мектепте ұжымдық қарым - қатынастың дамуын жоспарлау үдерісі ықпал етті ме?

Педагог пен оқушылар арасындағы достастықты нығайтуға алдағы ұжымдық шығармашылық істі дайындау мен өткізуді жоспарлаудың таңдаулы нысаны ықпал етті ме?

4. Жоспарлау кезінде алдағы іс-шараның сынып (мектеп) ұжымының алдыңғы және кейінгі істерімен байланысы есепке алынғанын белгілеу.

5. Іс-шараның бірінші және екінші кезеңдері арасында байланыс бар ма?

6. Тәрбиелік іс - шараны дайындау және өткізуді жоспарлау оның жалпы мақсатын шешуге ықпал етті ме? Қалайша?

7. Іс-шараның екінші кезеңін ұйымдастырудағы артықшылықтары мен кемшіліктерін жинақтау. Олардың себептерін анықтауға тырысыңыз.

## **II. Іс-шараны ұйымдастыру кезеңін талдау**

Іс-шараны ұйымдастыру кезеңі тапсырылған іс үшін жауапкершілік, басталған істі аяғына дейін жеткізе білу, оқушыларды қандай да бір тапсырмалар мен тапсырмаларды орындауға ұйымдастыра білу, олардың әрекеттерін бақылау және талдау сияқты қасиеттерді қалыптастыру тұрғысынан оқушылар үшін маңызды болып табылады. Кез-келген істі дұрыс ұйымдастыру балалар шығармашылығын, бастаманы, өзін-өзі басқаруды, оқушы ұжымындағы өзін-өзі басқаруды дамытуға ықпал етуге бағытталған.

### **Талдау алгоритмі**

1. Осы кезеңде сынып жетекшісі, ұйымдастырушы педагог, ұзартылған күн тобының тәрбиешісі, қосымша білім беру педагогы оқушыларды тәрбиелеу, оқыту және дамыту бойынша қандай міндеттерді қойғанын анықтау.

2.Педагогтармен әңгімелесу арқылы осы міндеттердің қалай және қаншалықты табысты шешілгенін талдау.

3.Кезеңнің басқару жағы қалай жүзеге асырылғанын зерделеу: педагогтың өзі ұйымдастыру қызметіне қойылатын негізгі талаптарды біледі ме, ол осы талаптарды басшылыққа ала ма, іс - шараны ұйымдастырудағы рөлі мен орны педагогке, оқушыларға бөлінген ба; бұл қаншалықты ақталды және негізделген.

4.Оқушылар іс-шараны ұйымдастыруға қандай қатысқанын, оларды белсендіру үшін педагогпен не жасағанын, бастамалар мен шығармашылықты көрсету: ұйымдастырушылар мен орындаушылар қалай таңдалғанын, оларға қаншалықты терең нұсқау берілгенін, ұйымдастырушылардың арасындағы еңбек бөлінісінің деңгейі қандай екенін, олардың ұйымдастырушылық дағдыларын қалыптастыру процесі қалай жүзеге асырылатынын анықтау.

5.Ұйымдастырушы-оқушылармен және орындаушылармен әңгімелесіп, дайындық пен ұйым кезінде нені үйренгенін, қандай дағдыларды меңгергенін анықтау.

6.Іс-шараны дайындау жоспары орындалды ма, және ұйымдастыру кезеңінде оқушыларды тәрбиелеу бойынша жалпы мақсаттардың қандай аспектілерін анықтау.

7.Осы кезеңді жүзеге асырудың жоғары (төмен) сапасының себептерін талдау және одан әрі іс-шараның барысына қалай әсер ететінін анықтау.

#### **IV.Іс-шараны өткізу кезеңін талдау**

Аталған кезең орталық болып табылады және іс-шараның басты мақсаты мен міндеттерін іске асыруға ықпал етуге бағытталған. Бұл кезең іс-шараны өткізу кезінде оны дайындау мен ұйымдастыруға байланысты барлық артықшылықтары мен кемшіліктері айқын көрінеді. Іс-шараға қатысу және оның барысын тікелей бақылау оларды дұрыс бағалауға үлкен мүмкіндік береді.

#### **Талдау алгоритмі**

Тәрбиелік іс-шараға қатысу және бақылау арқылы оның дайындық және өткізу сапасын, оқушыларға тәрбиелік ықпал ету тиімділігін зерделеу. Бақылау үшін тәрбие іс-шараларына бару картасын пайдалану ұсынылады (2-кесте).

#### **2-кесте**

#### **Тәрбие іс-шараларына қатысу картасы**

Сынып:

Сынып жетекшісі (Т. А. Ә.):



Тәрбие іс-шараларының түрі:				
Тақырыбы:				
Мақсаты:				
Міндеттер:				
Іс-шараның құрылымы	Бақылаудың нәтижелері			
	Пайдаланылды		тәрбие әдістері мен тәсілдерін пайдалану сипатта-масы	талдаушы іс-шараның ескертулері мен ұсыныстары
	Тәрбие әдістері	Педагогикалық ықпал ету тәсілдері		
ұйымдастырушылық бөлім				
негізгі бөлігі				
қорытынды бөлім				

2.Картаны бақылау және толтыру кезінде келесі сәттерге назар аударыңыз:

а) іс-шараларды, жабдықтарды өткізуге үй-жайды дайындау және безендіру;

б) өткізілетін іс - шараның мақсаты мен міндеттерін оқушылар алдында ашудағы ашықтық, айқындық.

в) оқушылардың мақсатты нақты түсінуі;

г) тәрбиелік іс-шараның кешенді мақсатын орындау (тәрбие, білім беру және дамыту міндеттері қалай шешілді));

д) іс-шараның кемшіліктерінің (қадір-қасиеттерінің) себептері:

\* тәрбие іс-шарасын өткізу түрінің оның мақсаты мен мазмұнына сәйкестігі;

\* қойылған мақсатқа тәрбиелеу әдістерінің, тәсілдері мен құралдарының сәйкестігі, олардың пәрменділігі, тұлғаның дамуына бағыттылығы;

